



**ЖӘРМЕҢКЕГЕ
10 000 АДАМ КЕЛДІ**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**«DAMYS»-ТЫҢ
ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ**

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**АУТИЗМ НЕГЕ
КӨБЕЙДІ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Денсаулық кілті – дене шынықтыру. Қайталап айтамын: бұқаралық спортқа, балалар спортына барлық жағдайды жасау қажет. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымының кезең-кезеңімен құрылуын қамтамасыз етуі керек.

№98
(4376)
Сенбі
20 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



8

СЕРГЕКТІКТІ СЕРІК ЕТКЕН ШАҒАР

Жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде елімізде Спорт күні атап өтіледі. Ұлттың дені сау болса, мемлекет те табысты болады. Ал саулықтың негізі – спортта. Осыны ескерген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамытуды стратегиялық басымдық ретінде бағалап, халықтың салауатты өмір салтымен шұғылдануына жан-жақты жағдай жасауды тапсырды.

XXI ғасырда адамның интеллектуалдық қабілеті өте маңызды. Зияткер ұлт қалыптастыруда дене тәрбиесін де ұмытпаған жөн. Сонда ғана бәсекеге қабілетті ұлтқа айналамыз. Бүгінде бұқаралық спорт пен аула ойындарын дамытуға жағдай жасалуда. Оған тұрғын үйлердің аумағында шағын футбол алаңдары мен қимыл-қозғалыс ойындарына арналған жабдықтардың көптеп орнатылуы дәлел

болады. Сондай-ақ спорт кешені мен залдар, корттар мен алаңдар және т. б. спорт ғимараттары халықтың игілігіне берілуде. Бүгінде халық ойындары ұлттық спорт түрлерін дамытып, саламатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының 33 пайызы бұқаралық спортпен қамтылып отыр.

СОЧИДЕ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Сочи қаласына (Ресей Федерациясы) келді. Сапар аясында Қазақстан басшысы Ресей Президенті Владимир Путинмен кездеседі.

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНА – 19 МЕДАЛЬ

9-18 тамыз аралығында Түркияның Конья қаласында өткен V Ислам ынтымақтастық ойындарында қазақстандық спортшылар 19 алтын медаль алды. Соның ішінде 3-еуі – елордалық спортшының үлесінде.

Суға жүзуден баттерфляй әдісімен 50 және 100 метрге жарысуда Әділбек Мусин алдына жан салмай, Қазақ елінің әнұранын екі рет шырқатты. Кикбоксингтен 67 келіде өнер көрсеткен Алихан Оздоев қарсыласына шақ келтірмей, өз салмағында дараланды.

БОЯУ ӨНІМДЕРІН ӨЗІМІЗ ШЫҒАРАМЫЗ

Елордада «Астана – жаңа қала» АЭА №1 индустриялық паркінің аумағында лак-бояу өнімдерін шығаратын зауыттың салтанатты ашылуы өтті. Кәсіпорын «Индустрия 4.0» стратегиясына және Қазақстан Республикасында жергілікті қамтуды дамыту және импорт алмастыруды ынталандыру жөніндегі бағдарламаны іске асыруға сәйкес құрылды.

Кәсіпорынның ашылу салтанатына Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің орынбасары Марат Қарабаев, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев,

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Азамат Абдуалиев, «Astana Invest «ГЦРИ» ЖШС басқарма төрағасы Әнуар Нигматов және басқалар қатысты.



2

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛОРДАДА

750

АУЛА МЕН
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК
АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

СА Н С О Й Л Е М



ӨНДІРІС ҚУАТЫН КЕҢЕЙТУ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шеврон» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Майкл Уиртті қабылдады.

Кездесуде «Шеврон» компаниясының Қазақстанмен алдағы уақыттағы өзара іс-әрекетінің негізгі аспектілері және бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Президент пен Майкл Уирт

әлемдік энергетика нарығындағы жағдай туралы пікір алмасты. Президент «Теңізшевройл» компаниясының қосымша 2,6 миллиард текше метр газды ішкі нарыққа бағыттау туралы шешімін құптады. Сондай-ақ

«Шеврон» компаниясының мұнай-химия саласындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу перспективалары мен Қарашығанақ кен орнының өндіріс қуатын одан әрі кеңейтудің жоспары қарастырылды.

МЕКТЕПТЕР ҚАЙ ЖЕРДЕ САЛЫНАДЫ?

Елордада мектеп салу үшін жер телімдері белгіленді. Мұндай жер учаскелерінің аумағы 120 мың оқушыға арналған мектеп салуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлімдеді.



«Елордада мектеп салу үшін 72 жер телімі белгіленді. Бұл жер учаскелерінің аумағы 120 мың оқушы орнына (екі ауысымда 240 мың оқушы орны) арналған оқу орындарын салуға мүмкіндік береді. Аталмыш жер учаскелері әлеуметтік нысандарға деген қажеттілікті ескере отырып анықталды. Ол қаланың барлық ауданында орналасқан. Әлеуметтік нысандарды салуға арналған жер учаскелерінің саны жыл сайын артады. Әрбір ауданда (шағын ауданда) мектеп салынуы үшін егжей-тегжейлі жоспарлау

жобасына арнайы бағыт бекітілді» деді қала басшысы.

Әкімнің айтуынша, елордада биыл 11 мектеп салынып, пайдалануға беріледі: Есіл ауданында – 6 мектеп, Алматы ауданында – 4 мектеп, Сарыарқа ауданында – тағы 1 мектеп, Байқоңыр ауданында – 1 мектеп (2023 жылы тапсырылады). Осы білім ордалары арқылы 23 мыңнан астам оқушыға арналған орын ашылады.

«Алдағы 2023 жылы тағы 13 мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз.

Осылайша тағы 22 мыңға жуық оқушы орны ашылады: Есіл ауданында – тағы 8 мектеп (ауданда тұрғындар тығыз орналасқанын ескере отырып), Алматы ауданында – 4 мектеп, Байқоңыр ауданында – 1 мектеп. Сол сияқты мектеп санын арттыру, оның ішінде жеке қаражат есебінен де көбейту мәселесін қарастырамыз. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада 3 жыл ішінде 34 мектеп салынды. Бұл 70 мың оқушы орнын ашуға мүмкіндік берді» деп түсіндірді Алтай Көлгінов.

ШЕКАРАЛЫҚ БЕКЕТТЕР ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРАДЫ?

Премьер-министр Әлихан Смайылов Қазақстанның кедендік инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Жиында Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Данияр Жаналинов қазіргі уақытта ЕАЭО сыртқы шекарасындағы тоғыз күре жол мен бір теміржол өткізу бекетін және Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚМ МКК бас диспетчерлік басқармасын жаңғырту және техникалық жарақтандыру жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Реконструкциялау екі кезеңмен жүзеге асырылмақ, яғни 2022-2023 жылдары – «Достық авто», «Достық т/ж», «Майқапшағай», «Бақты», «Қалжат», «Тәжен», «Қапланбек», «Темір баба»,

ал 2023-2024 жылдары «Атамекен», «Қазығұрт» және БДБ өткізу бекеттері жаңғыртылады. Нәтижесінде олардың өткізу қабілеті 8 есеге дейін ұлғайып, өту уақыты 2 сағаттан 25 минутқа дейін қысқарады. Сонымен қатар бизнес-процестерді автоматтандыру, кедендік бақылауды орталықтандыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды қолға алу жоспарланған.

Бүгінде жобалық-сметалық құжаттардың бәрі әзірленді. Құрылыстың бастапқы кезеңінде барлық нысандар бойынша

сапалы және уақытылы орындалуын бақылау үшін жұмыс кестелерін бекіту көзделген.

Кеңес қорығындысы бойынша Әлихан Смайылов Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жаңғыртылатын бекеттерде байланыс арналарының өткізу қабілетін арттыру мәселесін пысықтауды тапсырды.

«Осы бекеттер арқылы тауар айналымының ұлғаюына байланысты бюджетке қосымша түсімдер түседі. Бұл ретте жобаны іске асыруды тездету қажеттігіне назар аударғым келеді» деді Премьер-министр.

БОЯУ ӨНІМДЕРІН ӨЗІМІЗ ШЫҒАРАМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

– Біз лак-бояу зауытының ашылуына қатысып отырмыз. Бұл – тікелей шетелдік инвестициялар. Ол «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан. Бұл – алғашқы индустриалды парк. Мемлекет барлық қажетті қолдау көрсетуде, жер телімі бөлінді, сондай-ақ мемлекеттік қолдау аясында салықтық жеңілдіктер мен кедендік баж салығынан босату бар. Сондықтан біз алдағы уақытта да шетелдік және жергілікті инвесторлардың импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған жобалары болуы үшін осындай жобаларын қолдауды жалғастыратын боламыз, – деді Ерлан Бекмурзаев.

«ВМП Астана зауыты» ЖШС кәсіпорны жетекші әлемдік өндірушілердің заманауи жабдықтарымен жабдықталған. Шығарылатын өнім металл, бетон және темір-бетон конструкцияларын коррозиядан және оттың әсерінен қорғауға арналған, олар өнеркәсіптің түрлі салаларында, атап айтсақ, газ, мұнай, энергетика, Ресейдегі, Қазақстандағы, алыс және жақын шетелдегі өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс салаларында кеңінен қолданылады. Бүгінгі таңда зауытта лак-бояу өнімдерінің сынақ партиясы шығарылды.

«ВМП Астана зауыты» ЖШС қазақстандық инвестормен бірлесіп өнеркәсіптік мақсаттағы лак-бояу материалдарының жетекші ресейлік өндірушілерінің бірі («ВМП» ғылыми-өндірістік холдингі) іске асыруда. Жаңа зауыттың өндірістік қуаты жылына 5000 тоннадан асады. Жер учаскесін игерудің жалпы



ауданы – 2,17 гектар. Мұнда өнім ассортиментінің 20-дан астам түрін шығару жоспарлануда. Егер тәжірибе туралы айтатын болсақ, «ВМП» ғылыми-өндірістік холдингі қамту жетекші салалық шетелдік және ресейлік институттарда, әсіресе мұнай-газ саласында: «Газпром» ЖАҚ, «Транснефть» АҚ, «Роснефть» ҰҚ, «СИБУР Холдинг» ЖАҚ және Ресейдің басқа да ірі өнеркәсіптік компанияларында сынақтан өтті.

Өндіріс ошағының өнімдері жол айрықтарын, теміржол, жаяу жүргіншілер және автомобиль көпірлерін, мұнай-газ және энергетика құбырларын салуда қолданылады.

– Зауыт құрылысы 2018 жылы басталды. Бүгінгі таңда шығарылатын «ВМП» лак-бояу материалдары халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Ғылыми тәсіл, алдыңғы қатарлы өндірістік кешен және білікті персонал жетекші әлемдік өндірушілермен тұрақты сапа мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді. «ВМП» жабдырармен «Алматы Арена», «Халық Арена», ЭКСПО нысандары, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының көпір жолайрықтары, «ҚазМұнай-Газ», ERG, KazTransGaz, KAZ Minerals, «Қазақмыс», «Қазмырыш» компанияларының ірі

нысандары сенімді қорғалған. Бүгінгі таңда зауытта 40 адам жұмыс істейді, болашақта штатты 60-қа дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Мұнда барлығы автоматтандырылған. Қызметкерлер үшін таңертең және кешке тасымалдау ұйымдастырылды, – деп атап өтті кәсіпорын өкілдері.

Сондай-ақ индустриялық парк аумағында «MetalFormer» ЖШС шатыр және қаптау материалдарын өндіру зауытының құрылысына капсула салу рәсімі өтті, оны іске қосу 2024 жылға жоспарланған.


Осы жобаны іске асыру ішкі нарық сыйымдылығының 20 пайыздан астамын бұрын Ресейден, Қытайдан және Финляндиядан дайын түрде импортталған отандық өндірістің жабындық және қасбеттік материалдарымен жабуға мүмкіндік береді.

Жобада жылына 630000-ға дейін металл шатыр элементтерін және жылына 2200000-ға дейін қаптау материалын өндіру көзделген. Зауыт пайдалануға берілгеннен кейін 70-ке жуық жұмыс орны ашылады. Зауыт құрылысының ұзақтығы – 12 ай. Құрылыс процесіне 90-нан астам адам тартылады. Осылайша отандық өнімнің алғашқы шығарылымы 2023 жылдың қыркүйегіне жоспарлануда.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Осыдан 40 жыл бұрын әлемдегі алғашқы компакт-дискілер *Compact Disc (CD)* 1982 жылы тамызда Ганноверде конвейерден шықты.

Бүгінде алғашқы дискіге не жазылғаны туралы әртүрлі пікір айтылуда. Онда ABBA-ның «The Visitors» альбомы жазылған десе, енді біреулер Штраустын «Альпі симфониясының» жазбасы болуы мүмкін дейді. Тағы бір нұсқа бойынша онда Шопеннің вальстері жазылған екен.



Испанияның Экстремадура қаласында орналасқан Сидхара су қоймасында құрғақшылыққа байланысты су қоры 40 пайызға кеміген.

Бұл былтырғы көрсеткіштің орташа деңгейінен 20 пайызға төмен. Елдің солтүстік-батысындағы Галисиядағы бірнеше муниципалитет жағажайларындағы душ пен аяқ жууға, бассейнге су беруге, сонымен бірге көшелерді суаруға, көлік жуу орындары мен бақшаларды суаруға тыйым салды.



Еуропалық ғарыш агенттігінің MARLISAT спутниктік қоқыстарды бақылау жобасы әр минут сайын мұхиттарға бір жүк көлігіне тиелгендей көлемде пластмассаның түсетінін анықтады.

АҚШ ұлттық мұхит және атмосфералық басқармасының мәліметінше, мұхит қалдықтарынан зардап шекпеген Жер шарының бірде-бір бөлігі жоқ. Күннің әсерінен пластиктен бөлінетін улы заттар жануарларды жаппай қыруға алып келеді.

ЖӘРМЕҢКЕГЕ 10 000 АДАМ КЕЛДІ

17-21 тамыз аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында «Kids EXPO. Балалар әлемі» балаларға арналған тауарлар жәрмеңкесі ашылды. Жәрмеңке ашылғаннан бері көрмеге 10 мыңға жуық адам келді. Мемлекет басшысы жариялаған Балалар жылы аясында өтіп жатқан көрмені Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы ұйымдастырған.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Кеше EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында «Kids EXPO. Балалар әлемі» көрме-жәрмеңкесіне арналған баспасөз мәслихаты өтті. Оған «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Еркімбаев, Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы

басшысының орынбасары Еркеғали Корбозов, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нүргүл Ахметова, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы көмелетке толмағандардың құқығын қорғау бөлімінің басшысы Ләззат Орынбасарова қатысып, журналистердің сауалдарына жауап берді.

«Kids EXPO. Балалар әлемі» жәрмеңкесінде ата-аналар балаларға қажеттінің бәрін: кеңсе тауарлары

мен мектеп формасын, ойыншықтар мен дамыту ойындарын, киім мен аяқ киім сатып ала алады. Барлығы бір жерде және қолжетімді бағамен сатылады.

«Мұнда ата-аналар мен балалар үшін қызықты шеберлік сыныптары, аниматорлармен ойындар, спорт ойындары және ауқымды мәдени бағдарламалар өтеді» деді «QazExpoCongress» ұлттық компаниясының баспасөз хатшысы Гүлжан Сергибаева.

Бес күн бойы мұнда кітап, кеңсе тауарлары, тоқыма, білім беру, ойын-сауық индустриясы және т. б. салалардың 100-ге жуық қатысушысы өз тауарларын, соның ішінде 30-ға жуығы төмендетілген бағамен тауарларын ұсынуда.

Жәрмеңке барысында келушілер үшін арнайы ақпараттық-мәдени және спорт бағдарламалары ұйымдастырылады. Оған қазақстандық және халықаралық сарапшылар қатысуда. Біз көрмеге барған күні келушілерге Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығы насихатталды. Сонымен қатар педагогикалық психологтарға арналған панельдік сессиялар, кітаптардың, оқыту әдістемелерінің, мектептердің тұсаукесері, сонымен қатар тренингтер мен шеберлік сыныптары, байқаулар, балалар және мектеп киімдерінің көрсетілімі өткізілді. Жәрмеңкеге Marwin, Abdi, FasTracKids, Utaria, CAES, Роботек, Foliant, «Алматыкітап» және басқа да ірі брендтер қатысты.

Көрме «Kids EXPO. Балалар әлемі» халықаралық көрме орталығында 17-21 тамыз аралығында сағат 12.00-ден 21.00-ге дейін өтеді. Кіру тегін. Мұнда балалар креативті орталықта сурет салудан, қолөнерден, тіпті балалармен бірге ересектер де әртүрлі бағытта қосымша шеберлерден сабақ алады. Қапы қалмаңыздар! Көрме туралы газетіміздің алдағы нөмірлерінен оқысыздар.



ТҰЖЫРЫМДАМА НӘТИЖЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі вedomствoаралық комиссияның отырысы өтті. Комплаенс қызметін дамыту мәселелеріне арналған басқосуға елордалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері және жұртшылық өкілдері қатысты.

Отырыста 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру барысы, оның ішінде жергілікті атқарушы орган жүзеге асырып жатқан жобалық менеджмент жұмысының нәтижелері талқыланды. Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюда жүйелі көзқарас мақсатында әкімдік мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға ықпал ететін жобалық бағыттарды белгіледі. Осылайша жобаны басқару аясында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 37 бөлімшесінде ішкі талдаулар жүргізілді. Нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар беріледі.

Сондай-ақ жиында комплаенс қызметін одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Бүгінгі таңда квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілерінде комплаенс қызметі, яғни сыбайлас жемқорлық қылмыс-

тарының алдын алуға бағытталған бөлімшелер жұмыс істейді.

Алтай Көлгінов әкімшілік кедергілер жойылып, бизнес-процестердің оңтайландырылғанын, барлық мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшкенін атап өтті.

«Оқушылардың тамақтануын мемлекеттік сатып алу автоматтандырылды, қоғамдық көліктер электронды төлем жүйелерімен толық жабдықталған, инженерлік желілер мен жер кадастры цифрлануда, геоақпараттық портал құрылды. Олар фронт-офис форматында ашық әкімдік режимінде жұмыс істейді. Жоба – «Халықтың қатысуы» бюджеті. Қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан бұл іс-шаралардың барлығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен адами факторды жоюға мүмкіндік береді» деді Алтай Көлгінов.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Кеше елордалық Достық үйінде Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы ассамблеясы «Мектепке жол – бар мейірім балаға» ұранымен «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық шарасын өткізді.

Балалар жылы аясында өткен ізгі шараның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауға мұқтаж көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық алдында материалдық көмек көрсету. «Мектепке жол» акциясына елордалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен меценаттары белсенді түрде қатысты.

Қайырымдылық акциясы барысында 100-ге жуық бала мектеп сөмкелерімен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Достық үйіне шақырылған балалар үшін кәсіби аниматорлар ойын-сауық бағдарламасын ұсынды. Мультфильм кейіпкерлерімен бірге балалар қызықты ойындарға қатысты. Олар елордалық ассамблеяның шығармашылық ұжымының концерттік бағдарламасын тамашалады.



Ұйымдастырушылардың қызықты бағдарламасы балаларға жақсы көңіл күй сыйлады. Атап айтқанда, тәжік, өзбек, шешен-ингуш, поляк, орыс, түрік, украин, татар-башқұрт, еврей, әзербайжан, белорус, неміс, ұйғыр,

дүнген, казак, болгар, башқұрт, грузин этномәдени орталықтарының өкілдері, сондай-ақ қайырымдылық жасаушы Сайяф Исмаилов пен қалалық ҚХА аналар кеңесінен Шапаат Нураханова игі іске өз үлесін қосты.

Әлем халқының саны 8 млрд адамға жетті. 11 жылда әлем халқының саны 1 млрд-қа артқан.

Әсіресе Қытай мен Үндістанда халық саны айтарлықтай артқан. Бүгінде Жер шарында 4 млрд ер, 3,95 млрд әйел тұрып жатыр. Айта кетейік, осыған дейін БҰҰ сарапшылары 2030 жылы әлем халқы шамамен 8,5 млрд-қа жетуі мүмкін деген еді. 2050 жылға қарай Жердегі халық саны 9,7 млрд-қа, ал 2100 жылға қарай 10,4 млрд-қа жетеді дейді.



БҰҰ бас хатшысы Антониу Гутерриш, Украина және Түркия президенттері Владимир Зеленский және Режеп Тайып Ердоған арасындағы келіссөздер жалғасуда.

Кездесуде астық мәмілесі талқыланды. Украина мен Түркия соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін Украинаның инфрақұрылымын, әлеуметтік және экономикалық нысандарды қалпына келтіру туралы келісімге қол қойды.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

19.08.2022		ELORDA.INFO			
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ		Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шынар» базары	Қызыл базар (Шынар)
Бірінші сортты бұдай ұны		550	650	700	800
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан		150	120	140	150
Макарон өнімдері		380	285	300	350
Қарақұмық жармасы		750	710	620	600
Тазартылған күріш		550	460	450	450
Картоп		220	350	185	180
Сәбіз		280	260	190	250
Пияз		280	250	175	230
Қырыққабат		200	200	150	170
Қант		715	824	640	650
Күнбағыс майы		1100	1240	1030	1000
Сыыр еті		2750	2600	2200	2800
Тауық еті		1750	1600	1400	1700
Пастерленген сүт		300	480	420	380
Айран		400	408	420	450
Сары май		4000	4500	4500	3500
Тауық жұмыртқасы (10 дана)		480	440	450	450
Ас тұзы		100	70	90	100
Сүзбе		1000	1200	1100	900

«DAMYS»-ТЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Қазір сапарға шықсаңыз, төңірегіңіздегі жұрттың алып жүруге ыңғайлы, костюм-шалбармен қоса, басқа керек-жарағын да қатар салып алуға болатын трансформер сөмкелерді көтеріп жүргенің байқайсыз. Әсіресе бұрын бір қолына домбырасын, бір қолына костюм-шалбарын көтеріп, чемоданын сүйреп жүретін әнші-күйшілердің көбі соңғы кездері осы «Damys» трансформер сөмкелерін алып жүретін болды. Яғни костюм-шалбарды бүктемей, бырыстырып-тырыстырмай костюм қапқа салғандай іліп, қасына басқа заттарды салып қоюға болатын бұл сөмке сапарға көп шығатын жандардың тамаша таңдауына айналған. Үш түрлі материалдан (таза тері, жасанды былғары, эко-былғары) тігілетін бұл сөмкелердің сапасы жақсы, ұлттық нақышы да әдемі.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

«Damys» трансформер сөмкесін жобалап, тігіп, нарыққа шығарған – «Damys Brand» компаниясының негізін қалаушы, жас кәсіпкер Дамыс Болатхан. Бала күнінен қолөнерге бейім өскен оның атажұртқа келгеннен кейінгі арманы өз өнерін кәдеге жаратып, ұлттық өнім өндіру болыпты. Міне, осы мақсаттың жетегінде базарды бақылап, нарыққа жігі үңілген қағыз жигіт жұрттың сапарға шыққанда бір қолына сөмкесін, енді бір қолына костюмын көтеріп, әуре болып жүргенін байқайды.

– Қолөнерге қатты қызығамын. Көп уақыт өзім бір кәсіп бастасам деген ойдың жетегінде жүрдім. Не істеу керек, қандай жұмыспен айналысу керек деген сұраққа жауап іздеп жүргенде жұрттың қолайлы сөмкеге сұранысы күшті екенін байқадым. Сосын көлігіме орындық қап тіккен былғарыдан қалған материалды пайдаланып, костюм мен қол жүктерді қатар салуға болатын трансформер сөмке тігіп шықтым. Бұған төңірегіндегі достарымның бәрі қызығушылық танытып, бір-бірілеп тапсырыс бере бастады. «Damys» трансформер сөмкесінің алғашқы өнімі осылай жасалды, – дейді Дамыс Болатхан.

2018 жылы өз кәсібін бастаған жас кәсіпкер бұл саланы тегін таңдап отырған жоқ. Жүн мен тері қазақ қолөнерінің маңызды шикізаты саналады. Бабаларымыз төрт түлікті тең өсіріп, жүн мен терісінен киім тігіп, тұрмыстық бұйымдар жасаса, еті мен сүтін азық қылды. Осылайша тері илеу мен жүн мәнәрулеудің ең озық тәсілін меңгерді. Алайда оны заман талабына сай жаңғыртып, техникалық жолмен мәнәрулеу деңгейіне көтеріле алмады да, өнеркәсіп дәуірінің көшіне ілесе алмай қалды. Өткен ғасырдың бас



шенинде Түркияға ауып барған қазақтардың тері илеп, одан түрлі бұйым тігіп сатуы Түркияның, Италияның тері мәнәрулеу өнеркәсібіне үлкен серпін бергенін қазір көбі біле бермейді. Бірақ біз сол мүмкіндікті бүгінге дейін өзіміз толық пайдалана алмай отырмыз. Бұрын теріні қолмен илеп алатын қазақ қазір оны илеп, киіз баспақ түгіл, жіп иіруге икемі келмейтін күйге жетті. Сосын да жүн қоқыста жатса, теріні ит жейді, тұрмысқа қатысты тері және жүн өнімдерін шетелден импорт етеміз. Міне, бұл да біздің әлсіздігіміз, отандық өндірісті дамыта алмаудағы нашарлығымыз деуге болады. Дамыс та тері материалдардан өнім өндіруге кіріскен кезде керексіз жатқан теріні керекке жаратып, сөмке тіксем деген ойы болыпты.

– Біз қазір қажетті материалды көрші елдерден сатып алып отырмыз. Егер елімізде тері мәнәрулеу кәсібі өркендеген болса, шетелдің тауарына қарап отырмас едік. Демек,

200 мыңға дейін барады, – дейді біздің кейіпкеріміз.

Қазір интернет саудасы қарқын алған заман. Бір жерден қымбат дүкенді жалға алып, бір адамның күні бойы қақшып отыруының қажеті жоқ. Ебін тапсаң, әлеуметтік желі арқылы да сауданы дүркіретіп жүргізуге болады. Дамыс та осы жолды таңдапты.

– 2019 жылы астанадан дүкен аштық. Бірақ карантин басталып кетті де, екі-үш күн өтпей жатып дүкеніміз жабылып қалды. Сонымен үйде отырып сөмке тігіп, әлеуметтік желі арқылы сатылымға шығардық. Жаңа өнімнің жолын ашу үшін әншілерге, желі жұлдыздарына жарнама жасаттық, соның арқасында тез танылып, республиканың түкпір-түкпірінен тапсырыс қабылдай бастадық. Қазір саудамыз жаман емес, 3-4 азаматты жұмыспен қамтып отырмын. Былтыр Үкіметтен 5 миллион қайтарымсыз грант алып, қажетті тігін машиналарын сатып алдым, – дейді Дамыс.

нарыққа шыққаны қуантады. Өйткені тасқын да тамшыдан құралатынын ескерсек, осындай шағын өндіріс ошақтары болашақта алпауыт кәсіпорындарға айналуы да ғажап емес.

Қазақстан жері кең, шикізатқа бай ел болғанмен, үлкен өндіріс ошақтары жоқтың қасы. 30 жыл бойы «шетелден пәлен қаржыгер шақырылды, пәлен зауыт салынды» дегенмен, соның біразы көзбояушылықтан аспай келеді. Көбі мемлекеттен берілетін қаражатты қалтасына салады да, қолдан банкрот жасайды. Екіншіден, елімізде билік пен байлықтың аз ғана адамдардың қолына шоғырлануына байланысты қарапайым халықтың шағын өндіріс орындарын ашып,

отандық өнім өндіруіне мүмкіндік болған жоқ. Ауыз жүзінде «барлық жағдай жасалғанмен», шын мәнінде, қазақаста жасалған кедергілер мен қағазбастылық та көп нәрсеге тұсау болды. Керек десеңіз, қолында қаржысы бар, орта, шағын бизнесті дөңгелетіп әкетуге мүмкіндігі бар кәсіпкерлердің өзіне жасалатын қоқан-лоқы мен бопса да аз болған жоқ. Саудасы күсет өндірісе, ошақтарын шынжыр балақ, шұбар төс шеңділер тартып алатын жағдайға дейін жетті. Міне, осы жағдайлар еліміздің отандық өндірісіне үлкен тұсау болып, шұлық пен іш киімге дейін шетелден импорт ететін күйге түстік. Ел Президенті ұшқышсыз ұшақтардың жаңа моделін тамашалап жүргенде, біздің Президент пластиктен жасалған астауға отандық өнім ретінде үңіліп тұрғаны – соның айғағы.

Оның үстіне, біздің елдің импорт-экспорт саудасы да шен-шекпенділердің шайнамай жұтатын жылы тамағына айналып кетті, олар өз табысынан айырылып қалмау үшін отандық өндіріске барынша кедергі жасап келген жайы тағы бар. Міне, осы себептердің бәрі біздің елдің ішкі өндірісінің адымын аштырмай тастады. Дегенмен әлемде жұқпалы індет тарап, шекаралар тарс жабылған кезде барып ішкі өндірісті дамытпай, тек импортқа сүйенудің аса қауіпті екенін біздің билік те шындап түсінді. Шетелден сатып аламыз дегенмен, оның болашағы бұлыңғыр екенін түсінген кәсіпкерлер де қазір отандық өндірісті дамытудың жолын іздей бастады. Бұл – қуанарлық жағдай. Әрине, елімізде қабілеті мен өз күшіне сүйеніп, шағын өндіріс орындарын ашып, жайлап жұмыс бастап жатқан азаматтар да жоқ емес. Бірден қара үзіп алға шығып кетпесе де, ісінің іргетасын берік қалаған бұл топтан күтеріміз көп. Өйткені бұл азаматтарда ебін тауып Үкіметті жесем деп емес, өз кәсібімді дөңгелетіп, отандық өнімнің өндірісін өрге домалатсам деген таза мақсат бар. Дамыстың бет алған бағыты да осы.

Күн суыта салысымен қалада әлі де газға қосылмаған үйлер мен нысандарда пеш жағу басталады. Бұл ретте қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы өрт қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Осыған орай, кеше қала әкімдігінде Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлының қатысуымен брифинг өтті.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Бұл маусымда өрттің шығуына бірден-бір себеп болатын жағдай – тұрғын үйлердегі жылыту пештерін пайдалану ережесінің бұзылуы. Осыған орай, спикер олардың қолдану тәртібінен хабардар етті.

– Қаламызда қазір 33 мыңнан астам жеке тұрғын үй бар. Бұл үйлердің басым бөлігі, соның ішінде саяжайлардағы тұрғындар үйлерін қыста пешпен жылытады. Көп ретте пештерді орнату кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары ескерілмейді. Сол себепті пештердің осал жерлері туралы тоқтала кетейін, ең алдымен мән беретін жері – мұржа. Төбе жабындылары дейміз, үйдің төбесінен мұржаға қарай өтетін жерде өртке қарсы аралық болуы керек. Егер мұржа үйдің төбесіндегі ағаштарға тиіп тұрса, пешті тым қатты жаққан кезде сол жер қызып, өрт шығу қаупі күшейеді. Екіншіден, тез жанатын қабырғаларды бөліп тұратын арақашықтықтың болуы да маңызды. Жалпы қарапайым ғана сақтық шарасы – пешті шамадан тыс қыздырмау, пешті мүмкіндігінше түске дейін немесе түстен

тілеріне куә болсаңыз, дереу 101, 112 нөмірлеріне телефон соғып, хабар беріңіз. Уақытылы хабар берілсе, тілсіз жауды тез ауыздықтап, қайғылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік зор, – дейді Е.Отарғалымұлы.

Биыл 15 тамызда өрт қауіпсіздігі мамандары тұрғын үйлерді аралап, қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеруге кірісті. Бұл рейдтер жылыту маусымының соңына дейін жалғасады. Басқарма бастығы осы алдын алу шаралары кезінде тұрғындардың департамент қызметкерлерінің тексеруіне тиістілікпен қарауын сұрады. Себебі бұл әрбір тұрғынның амандығы үшін қажет. Жеке тұрғын үй секторына барған ТЖ қызметкерлері тұрғындардың рұқсатымен әрбір үйге кіріп, пеш пен мұржасын, электр желілерін тексеретін болады және өз тарапынан кәсіби тұрғыда ұсынымдарын береді.

Ал көпқабатты үйлерде өрт шығу қаупін бірінші кезекте электр желілері тудырады. Сонымен қатар тамақ істегенде майды шамасынан тыс қыздыру, қызған майдан өрт шыққанда оның үстіне су құю қауіпті одан сайын күшейтеді. Ондай кезде өрт шыққан ыдыстың бетін ауа өткізбейтін қақпақпен немесе



кейінге бөліп жағыңыз және кешке ұйқыға жатар алдында бір сағат бұрын пешті жағып болу керек, – дейді ол.

Пешті жаққанда тек көмір мен ағашты пайдалану керек, сонымен қатар ол жасөспірім балаларға пеш жағып қоюды тапсыруға болмайтынын да жеткізді. Кейбір тұрғындар секілді пештің үстіне, қапталына аяқ киім және басқа жанғыш заттарды келтіру үшін қою да қауіпті. Сондай-ақ пештің алдына міндетті түрде өлшемі 50/70 см болатын металдан жасалған төсем салынуы керек. Бұл аяқ асты пештің аузы ашылып кеткен жағдайда ішіндегі оттың басқа жанғыш материалдарға түспей, металл төсемге түсіп, қауіпсіздіктің сақталуына ықпал етеді.

– Қазір өзге өңірлерде болған қайғылы оқиғаларға назар аударсақ, көп ата-ана балаларын үйде қалдырып, сыртынан кілттеп кеткенінен олар үйде өрт шыққанда қашып құтыла алмай қалған. Осы жайттар да бізге сабақ болуы тиіс. Балаларды пеш жағылатын үйде сыртынан қамап кету қауіпті. Мейлінше балаларды үйде қараусыз қалдырмауға тырысыңыздар. Ал қалдырған жағдайда сіріңке, оттықтарды жоғары қойып, өрт шығу қаупі туралы үнемі түсіндіріп отыру қажет. Егер сіз өрт шығу фак-

орамалмен жаба қою керек. Брифингті пайдалана отырып, спикер МИБ немесе ПИК басшыларынан өздеріне қарасты көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры мен жер төлесіне бөтен адамдардың кіруіне мүмкіндіктерді болдырмау туралы өтініш білдірді.

«Күн суытқан кезде тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдар дәл осы шатырлар мен жер төлесіне паналайды. Олар сол жерде от жағып, ас дайындайды. Бұл – бүкіл үйдің өртке орану қаупін күшейтетін факторлар» деді басқарма бастығы.

Төтенше жағдай қызметінің өкілі қала тұрғындарының көбінде қауіпсіздікті сақтау мәдениеті қалыптаспағанын қынжыла жеткізді. Өрт қауіпсіздігі бойынша рейдтер кезінде кей тұрғындардың электр желілерін қауіпсіз етіп оқшау жүргізбегені, пешке жөндеу жүргізбегені, түгіндіктер жолын тазартпайтыны, пештің қасына газ баллонды тым жақын қоятыны, газ баллондарын арнайы ұйымдардан емес, күмәнді жеткізушілерден алатыны белгілі болады. Рейд барысында осындай олықлықтарға жол бермеу үшін түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар дауыс күшейткіш құралдармен тұрғындарға қауіпсіздік ережелері қайта-қайта түсіндіріледі.

ӘРИНЕ, БІР МЕМЛЕКЕТ ҮШІН АЛҒАНДА ОТАНДЫҚ СӨМКЕ ӨНДІРІСІ, АЯҚ КИІМ ӨНДІРІСІ МАҚТАН ЕТІП АЙТАТЫНДАЙ ІРІ ӨНДІРІСІ САНАЛМАЙДЫ. АЛАЙДА ШЕТЕЛГЕ КӨБІНДЕ ШИКІЗАТ ЭКСПОРТ ЕТЕТІН, ТҰРМЫСТЫҚ БҰЙЫМДАРДЫҢ ДЕНІН ШЕТЕЛДЕН САТЫП АЛАТЫН ИМПОРТҚА БАСЫ БАЙЛАҒАН ЕЛ ЖӨНІНЕН АЛҒАНДА, «DAMYS» СИЯҚТЫ ӨНІМДЕРДІҢ НАРЫҚҚА ШЫҚҚАНЫ ҚУАНТАДЫ. ӨЙТКЕНІ ТАСҚЫН ДА ТАМШЫДАН ҚҰРАЛАТЫНЫН ЕСКЕРСЕК, ОСЫНДАЙ ШАҒЫН ӨНДІРІС ОШАҚТАРЫ БОЛАШАҚТА АЛПАУЫТ КӘСІПОРЫН-ДАРҒА АЙНАЛУЫ ДА ҒАЖАП ЕМЕС



Аутизмге шалдығатындар саны елімізде соңғы жеті жылда бес есе артқан. Биыл Денсаулық сақтау министрлігі осылай деп дабыл қақты. Оңалту орталықтарында да басқа ауытқушылығы бар науқастарға қарағанда сондай балалардың үлесі басым. Аутизм тек бізде ғана емес, әлемде де көбейіп келеді. Мұның себебі нашар экология мен дұрыс тамақтанбауда ма, әлде ана құрсағында жатқанда балаға әсер еткен жағымсыз жайттардан бола ма? Диагнозы қойылғаннан кейін де баланы оңалтуда ата-аналар қандай қиындықтарға кезігіп отыр?

Райхан
РАХМЕТОВА

Әлеуметтік ортамен қарым-қатынасты орнатуға кедергі келтіретін аутизм аурулардың халықаралық жіктеуіші бойынша «Психологиялық дамудың жалпы бұзылуына» жатады. Сырт қарағанда сапсау көрінгенмен сананы сәби қалпынан өзгертегі, дамуды тежейтін аутизмді дәрігерлер ауру емес, ауытқу деп атауды ұсынады. Жыл басында Қазақстанда аутизмге шалдыққандардың ресми тіркелген көрсеткіші 4887 адам болды. Алайда түрлі себептерге байланысты мұндай кеселге шалдыққандар саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Өйткені елімізде оның диагностикасы мен емінде бақылау жүргізілмейді. Ресми деректерге сүйенсек, Нұр-Сұлтан қаласында аутизм спектрі ауытқушылығына ұшыраған 1117 бала психиатрда есепте тұр.

20 жылдан бері осындай балаларға диагноз қоюмен айналысып келе жатқан елордалық жоғары біліктілік санатындағы балалар дәрігері Татьяна Дегтярь бұл статистика шын мәніндегі науқастар санымен сәйкес келмейтінін айтады. Себебі ата-аналар психиатрға емес көбіне неврологтарға, логопедтерге хабарласады. Ресми статистикаға тек қаладағы психикалық балалар денсаулығы орталығына келген балалар ғана енгізіледі.

– Еңбек жолымды алғаш бастағанда мен аутизм туралы тек кітаптардан ғана оқитынымын, өмірде кездестірмейтін едім. Ал қазір бұл өте жиі қойылатын диагнозға айналды. Өзім күніне орташа есеппен 3-4 баланы қабылдасам,

АУТИЗМ НЕГЕ КӨБЕЙДІ?



кейде соның бәрінен аутизм анықталады, кейде кем дегенде 1-2 баладан шығады. Мұндай диагноз қоймайтын күндерім тым аз. Осының өзі аутизмнің артқанын білдіреді, – дейді Т. Дегтярь.

Аутизм неге көбейіп кетті деген сұраққа әлемде әлі нақты жауап жоқ. Қазір оны диагностикалау сапасы жақсарғандықтан да аутизм көп анықталып жатыр деген де пікірлер бар. Т. Дегтярь экологияның нашарлығы, сапасыз тамақтану, гаджеттерді жиі пайдалану деген сияқты факторларды аутизм тудыратын себептер деп қарастыруға ғылыми негіз жоқ екенін жеткізді. Ғалымдар мұны әлі зерттеуде.

– Соңғы теориялық тұжырымдарда ауытқу генетикалық тұрғыда пайда болатыны айтылған. Ген – бұл хромосоманың бір бөлігі. Онда біздің бүкіл ағзамыздың құрылысы қандай болатыны «жазылады». Генетикалық ауытқулар туған ата-анасынан болмаса да, екі жақтағы туыстар арқылы берілуі мүмкін. Бірақ бала дүниеге келгенше, тіпті туғаннан кейін 1 жасқа дейін де оның бойында аутизм белгілері бар-жоқтығын ешкім де анықтай алмайды. Көбіне аутизмнің алғашқы белгілері 1,5-3 жас аралығында байқалады, – дейді ол.

Бала бойындағы ауытқулар әр түрлі болып келеді. Бір бала саңырау сияқты көрінеді, атын атап шақырғанда бұрылып тіке көзіне қарамайды. Ешкім ренжітпесе де жылап, ештеңе айтпаса да күле салуы мүмкін. Ең басты белгісі – баланың сыртқы ортамен қарым-қатынасының болмауы. Бала көп адамдар арасында жоқ сияқты отырады, ол өз бетінше, қалғандары өз бетінше жүреді. Бірақ олар кейде пирамида ойынын ойнай алуы, теледидарды барып өзі қосуы, өз бетінше ешкімге айтпай, әжетханаға бара беруі

мүмкін. Бір жерден естіген сөзін немесе дыбыстарды қайталап та жүреді. Осындай сәттерде көп ата-аналар баласының бойынан аутизм белгілерін байқамай қалады. Аутизм кейде бала бір ортаға түспейінше байқалмауы мүмкін. Ауытқуы бар бала өзін мазақ еткенді, астарлы мысқылды түсінбейді. Достар табуға тырыспайды, адамның бетіндегі ым-ишара дегенді де түсіне алмайды. Сондықтан аутизмді тек психиатр маман көмегімен ғана нақты анықтауға болады. Қалалық психикалық денсаулық орталығының биыл ашылған «Қамқорлық» ерте араласу бөлімшесінің реабилитолог дәрігері Дина Тәжібаева керісінше, аутизмге генетикалық, экологиялық факторлар, ананың жүкті кезіндегі психоэмоционалды жағдайы, химиялық уытты заттардың да ұрыққа кері әсері себеп болуы мүмкін екенін айтады.

Елордада аутизмді бар балаларға мамандандырылған психиатриялық көмек қала-лық психикалық орталықта амбулаторлық деңгейде көрсетіледі. Ол үшін учаскелік балалар психиатр дәрігеріне жазылу керек. Кешенді қызметке психикалық ауытқушылықты диагностикалау, медициналық оңалту, сарапшылық мәселелерді шешу, мүгедектікті рәсімдеу кіреді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ерекше қажеттіліктері бар балаларға жан-жақты жағдай жасауға көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары оңалту орталықтарының желісі айтарлықтай артты. Осылайша, 15-тен астам орталық ашылды. Сондай емдеу мекемелері қатарында «Асыл Мирас», «Орда», «Балам-Ай», «Камқорлық» оңалту орталықтары бар. Баланың денсаулығын жақсартып, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде көп көмегі тиетін мұндай орталықтар ерекше балалардың

ата-аналары үшін ауадай қажет.

Дегенмен ата-аналар баланың жылдам жетіліп, ауытқушылығын азайтуда бұл орталықтардың да тиімділігі аздау екенін айтады. Себебі балаға мүгедектік санаты беріліп, квотамен түрлі орталықтарда тегін ем алу кезінде ата-аналар кезегін көп күтеді. Ал аутизмді бар балалар үшін оңалту процедураларын үздіксіз, күн сайын жүргізу қажет. Елордалық бес жасар Амирдың анасы Рамира да баласы 2,5 жасқа келгенде аутизмді бар екенін анықтаған сәттен бастап бармаған жері, алмаған емі жоқ. Оның сапсау болып туған баласы бір жарым жасында қатты суық тиіп ауырғанда дәрігер берген антибиотикті тиісті мерзімінен артықтау қабылдаған. Нақты содан көрмесе де, көңілінен

алмайды. Баланың ой санасы бір жастағы баланыкі сияқты, бірақ бір жастағы сау баланы бағудан әлдеқайда оңай, – деп мұңы шақты ол.

Рамираның барлық аутизмге шалдыққан ата-аналар атынан айтар өтініші – елімізде АВА терапия көрсететін орталықтар көптеп ашыла екен. Аутизмге шалдыққан балаларды түзетудің түрлері көп. Олардың көбі дене-қимылын қозғалысқа түсіру, педагогикалық түзетумен байланысты. Соның ішінде ең тиімдісі АВА терапия немесе мінез-құлықты талдаудың қолданбалы әдісі екен. Бұл бағыттағы мамандарды мінез-құлық психологы деп атайды. Бірақ оны меңгеру үшін ұзақ уақыт оқу қажет және ол білім қымбатқа түседі. Оқып болғаннан кейін



Соңғы теориялық тұжырымдарда ауытқу генетикалық тұрғыда пайда болатыны айтылған. Ген – бұл хромосоманың бір бөлігі. Онда біздің бүкіл ағзамыздың құрылысы қандай болатыны «жазылады». Генетикалық ауытқулар туған ата-анасынан болмаса да, екі жақтағы туыстар арқылы берілуі мүмкін. Бірақ бала дүниеге келгенше, тіпті туғаннан кейін 1 жасқа дейін де оның бойында аутизм белгілері бар-жоқтығын ешкім де анықтай алмайды. Көбіне аутизмнің алғашқы белгілері 1,5-3 жас аралығында байқалады

күмән қалған. Аутизмді бар баланың ата-анасы болу қандай азапты өмір екенін айтқан ол мемлекет тарапынан қолдау көрсетілгенмен бұл аздық ететінін айтады.

– Бізге осындай ауытқушылығы бар балаларға арналған БАК, ТМС деген әдістермен емдеуді тағайындады. Мұның бәрі тегін болды. Бірақ мүгедектік алғанға дейін ақылы түрде де емделдік. Квота алып та емделдік. Алайда квотамен емдегенде кезегінді біраз күтуге тура келеді. Кейде ол кезек жылдың соңына дейін келмесе, келесі жылы күшін жоюы мүмкін. Бір ауру емес, патология болғандықтан емнің бәрін қолданып көресің. Себебі ем әр балаға әр түрлі әсер етеді. Жанталасып, қайсысы менің балама дұрыс келеді деп түрлі әдістерді қолданып көруге ұмтыласың. Бірақ соның бәріне нәтиже аса көп емес. Ең басты кемшілік – баламның әлі де өз әрекеттеріне жауап бере алмайы, яғни өз бетінше дұрыс тамақтанбайды, әжетханаға үлкен дәретке өз бетінше бара

де маман үшін пайдасы аздау. Себебі мұндай психологтар күніне әрі кетсе тек 2 баланы ғана қабылдай алады. Қазақстанда медициналық жоғары оқу орындарында мұндай мамандар оқытылмайды. Сондықтан көбі өз бетінше оқиды және қызметі де қымбат тұрады.

АҚШ ғалымдары әлемдегі әрбір 59-шы бала аутизмге шалдыққан дейді. Тіпті әлемде бұл ауытқушылықтың тым көбейіп бара жатқанынан «аутизм эпидемиясы» басталды деген тұжырымдар да айтылады. Көп зерттеулерде оның көбеюін, бұрын мұндай науқастарға жоюы мүмкін. Бір ауру емес, патология болғандықтан емнің бәрін қолданып көресің. Себебі ем әр балаға әр түрлі әсер етеді. Жанталасып, қайсысы менің балама дұрыс келеді деп түрлі әдістерді қолданып көруге ұмтыласың. Бірақ соның бәріне нәтиже аса көп емес. Ең басты кемшілік – баламның әлі де өз әрекеттеріне жауап бере алмайы, яғни өз бетінше дұрыс тамақтанбайды, әжетханаға үлкен дәретке өз бетінше бара

ҚЫЗ МҰРАТЫ КЕТУ ЕМЕС ПЕ?

Мына заманда тұрмыс құруға асықпайтын бикештер саны күн сайын көбеймесе, азаймай тұр. Әйтсе де мұндай қыздар көзін ашып-жұмғанша қалай кәрі қыз атанғанын білмей қалады. «Кәрі қыз» десем, біраз шамына тиіп кетермін. Сондықтан «оң босағанда отырған қыз» деп жұмсақ жеткізейін. Бірақ қалай айтсақ та, әңгіме тұрмыс құрмаған қыздар жөнінде болғандықтан, мәселеге көшейін...

Қазіргі таңда көптеген қыздар мансап жолында жүріп, жеке өміріне көңіл бөлуге уақыт таппай жатады. Сондықтан болар, көпшілігі отызға таяғанда отбасын құрып, балалы болып жатса, енді біреулері әлі күнге дейін сәттілік сағатын күтуде. Тіпті кейбірі тұрмыс құруға асықпайды. Расымен, Отанымызда оң босағада отырып қалған қыздар жыл

өткен сайын көбейіп барады. Статистикалық деректерге сенсек, бүгінде түндігі желбіремей отырып қалған қыздардың саны 400 мыңнан асып жығылады екен. Яғни елімізде отбасын құруға асықпайтын бойжеткендеріміз көп деген сөз. Көп етіктің көзге ілмей, көк етіктің күткендер көп қазіргі заманда. Тұрмысы түзу, жақсы атаулы қасиеттің барлығын бойына сіңірген ер жігітті кездестіріп,

сонымен бірге өз бақытын құрғысы келеді бүгінгі бұрымдылар. Алайда қызмет құрығына түсіп, бір белестен екіншісіне өтіп жүрген нәзік жандыларымыз уақыттың шексіз емес екендігін естен шығарып жүрген сыңайлы. Өз бабын өздері жасап жүрген қыздардың дені «жаман аттан жайдағым, жаман байдан бойдағым» дегенді алға тартады. Тіпті олар көзді жұмып, көрінгеннің етегінен

ұстағымыз келмейді дейді.

Жасыратыны жоқ, бүгінде қазақ қыздарының дені қияға қонуға асықпайды. Себебі оқыған-тоқыған бойжеткендер оқуын бітірген соң, өзі қалаған мансапқа қол жеткізгісі келеді. Бірі ата-анам көмектесемін деп қолғабыс етсе, енді бірі армандаған жұмысын істеп, қалаған темір тұлпарын сатып алу жолында барын салады. Ал келесісі қолдың кірін уақытша екенін ұмытып, қу дүниенің соңынан қуамын деп әбден әбгерге түседі. Осылайша жұмыс істейді, үй сатып алады, қымбат көлігін тізгіндейді. Не керек? Арманы шындыққа айналады. Алайда арманын орындаймын деп жүріп біраз

қыз өз бақытынан кешігіп, орта жасқа қалай келіп қалғанын байқамайды. Мансап жолында барлығына қол жеткізген қыз қырыққа келгенде қылық шығарып, құстай ұшып кеткісі келеді өз мекеніне. Әрине, барлығы бақытты болуға лайық қой. Бірақ «әттеген-ай» деп қалатын тұстары көп болады кәрі қыздардың. Өйткені қазаққа «елудегі жігіт қыз алады, елудегі қызды кім алады?» деген мәтел барын естен шығармасақ, айтпағымның астарын өзіңіз түсініп аларсыз. Рас-ақ! Еркек атаулы сексенге келсе де, 18 жастағы бойжеткенді жар етіп алғысы кеп тұрады. Ал кәрі қыздар карьера қуамын деп жүріп жүрегін ұсынып, қолын

сұраған жігіттерден теріс айналады. Сонан соң жасы келгенде, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп, бармақ тістегеннің көкесін көреді. Хош. Әркім өзі біледі. Кім қанша жаста тұрмысқа шықса да, тағдырдан асып ешқайда кете алмаймыз. Сонда да бар кінәні тағдырға жаба салу дұрыс емес. Әрекет жасаған, Құдай берекетін береді.

Оң босағада отырған қыздар қартайса, халық саны ортаятқыны рас. Қыз мұраты кету емес пе? Ендеше жат жұрттыққа жаралған бұрымдыларымыз жарастықпен жұбын тапса дейміз...

Сымбат СҰЛТАН

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Нұр-Сұлтан қалалық мәслихат депутаты Азамат Айтхожин, Нұрдәулет Оразханов, Ерлан Дәкенов және Алтыншаш Табулдина елордалықтарға қызмет көрсететін бірқатар әлеуметтік орталықтарға барып, атқарылып жатқан жұмыстарды көзбен көрді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Алдымен депутаттар Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа барды.

Мұнда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар, құжатсыз, баспанасыз, есте сақтау қабілетінен айырылған тұрақты тұрғылықты жері жоқ азаматтар орналастырылған. Олар үш мезгіл тамақпен және төсек-орынмен, жеке гигиена құралдарымен қамтамасыз етілген.

– Күндізгі бөлім 180 орынға, түнгі бөлім 50 орынға есептелген. Қазір орталықта 81 адам тұрады. Олардың ішінде құжаты



жоқ немесе бала-шағасына керексіз болғандықтан далада қалған адамдар басым, – дейді орталықтың директоры Самат Топатаев.

Мекеме басшысы 1953 және 1970 жылдары бой көтерген ғимараттарды жөндеуден өткізіп, жаңа жиһаздар алудың маңызын атады. Сонымен қа-

тар орталықтағы адамдар заман талабына сай жаңа мамандықтарды меңгеруге жағдай жасау керектігін айтты.

Жылына 1000 адамға дейін қабылдайтын орталықтың жұмысына өз бағасын берген Азамат Айтхожин:

– Осы орталықтан

қызмет алған адам нақты көмекті сезінуі тиіс. Яғни өзінің отбасына оралса немесе тұрақты жұмыс тауып жатса, нәтижелі жұмыс бар дей аламыз. Ол үшін осындағы адамдар бір кәсіпті меңгеруіне мүмкіндік жасау керек, – деді.

Ал, Алтыншаш Табулдина болса, мерзімін өтеп келген азаматтарды медициналық тексеруден өткізудің маңызына тоқталып:

– Сіздер мұндағы

«Жануя» отбасы институтын қолдау орталығына барды. Орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетеді.

Азаматтардың жекелеген санаттарына (көпбалалы отбасылар, толық емес және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар) «бір терезе» қағидаты бойынша

кейін, ата-аналар жеңілдікті алуға асыққаны белгілі. Алайда білім және әлеуметтік басқармалардың арасында үйлесімді жұмыстың болмауынан ата-аналар кедергілерге тап болуда. Міне, депутаттар осы мәселені көтеріп, бірлесе шешуді ұсынды.

Одан кейін депутаттар Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында болды. Орталық директоры Мұхтар Еркетаев бүгінде қалада

жасайтын орталықтың жұмысына қарттар дән риза.

«Егде жастағылар өз уақытын тиімді өткізіп, түрлі қоғамдық іс-шараларға қатысып, белсенді өмір сүруде орталық жан-жақты жағдай жасайды. Біз бұған дән ризамыз. Арасында өнерін шыңдап, қалалық деңгейдегі ән-би концерттерінде өнер көрсету үшін ұлттық киімге деген қажеттілік бар. Соған



адамдарды күндіз қалада емін-еркін жүруіне рұқсат бересіздер. Олардың арасында құрт ауруына шалдыққандар бар шығар. Сондықтан мұқият медициналық тексеруден өткізуді жолға қою керек, – деді.

Біз орталықта жатқан бірнеше адаммен тілдестік. Көбісінің барар жері жоқ, үй-күйсіз жандар. 1992 жылы Қазақстанға әкесімен бірге келген Евгения Иончюкка КСРО-ның қызыл паспортпен жүр. Бүгінде орталық мамандары оны құжаттандыруға жұмыс жасауда екен.

Одан кейін депутаттар

консультациялық қызмет береді.

«Объективті мәселелер бар. Біз бірлесіп шешуге дайынбыз. Яғни жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы және тағы басқа құзырлы мекеме өкілдерімен ортақ мәселені ашық талқылап, диалогқа барып, шешілу жолын тапбайық» деді Алтыншаш Табулдина.

Оқу жылы жақындап, ата-аналар баласын мектепке дайындауда. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі мектепте оқитын елордалық оқушыларға 40 мың теңгеден көмек беріледі дегеннен

орталықтың 4 филиалы барын айтты.

«Қариялардың белсенді өмірін қолдайтын орталықтардың ашылуына мұрындық болған қала әкіміне алғыс білдіреміз» деді орталықтың басшысы.

Оның сөзінше, қарттардың спортпен белсенді шұғылданып, ұлттық аспаптарда ойнап, би билеп, тілдерді үйреніп, қолөнерді меңгеретін орталықты көпшілік біле бермейді.

Зейнеткерлердің белсенділігін арттырып, саламатты өмір салтын қолдап, қаланың рухани-мәдени өміріне араласуына жағдай

көмек берсе жақсы болар еді» дейді қала тұрғынының бірі Құлпаш Төлендіқызы.

Халық қалаулылары «Асыл Мирас» аутизм орталығы, «Орда» Астана қаласының аутизмі бар балалар ата-аналарының бірлестігі» қоғамдық бірлестігі және «Балам-ай» мүгедек балаларды қолдау қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының жұмысымен танысып, ерекше балалардың әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жетілдіру, науқастарды жан-жақты қолдау шараларының тиімділігіне назар аудару қажет екенін білді.



ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Елорда» халық хоры заман талабына сай өз жұмыстарын атқарып келеді.

«Елорда» халық хорының жетекшісі Үміт Әлібекқызы Дүйсенова, көркемдік жетекшісі – баян сүйемелдеуші Жекен Молдағалиұлы Теберіков 30 тамыз Қазақстан Республикасы Конституция күніне орай 10 тамыз күні Алматы ауданы ардагерлер Кеңесінің ұйымдастыруымен «Қатаркөл» сауықтыру шипажайында ем алып жатқан зейнеткерлерге бір жарым сағаттық концерттік бағдарлама ұсынды.

Концерттік бағдарламада қазақтың халық және заманауи әндері, орыс, украин халқының әндері орындалды. Зейнеткерлер дән риза болып қошеметтерін білдіріп жатты.

«Қатаркөлге» толық құрамымен барып келуіне көмек жа-

саған Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Кәрімұлы Мұстафинге және «Белсенді өмір сүру орталығының» директоры Мұхтар Дүйсенұлы Еркетаевқа алғысымыз шексіз.

Осы мәдени шараларды ұйымдастырып сәтті өтуіне, басшылық жасап барған Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары Қарлығаш Мұхаммеджанқызы Ахметова.

Осындай игілікті жұмыстарды атқарып жүрген азаматтардың жұмыстарына табыс тілеймін.

Қаламбек ӘБДЖАНҰЛЫ,
Алматы ауданы
Ардагерлер кеңесінің
медиа тобының мүшесі

МИБ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бүгінгі таңда елордада 700-ге жуық меншік иелерінің бірлестігі тіркелген және басқарудың жаңа нысаны ретінде 1085 жай серіктестік құрылған. Бұл жөнінде қала әкімдігінде өткен онлайн-брифинг барысында қалалық МИБ орталығының басшысы Гүлвира Әбетова мәлім етті.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

2020 жылы елімізде тұрғын үй заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, нәтижесінде көпкөптерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсететін ПИК-тердің орнына жаңа басқару нысандарын: меншік иелерінің бірлестіктері мен жай серіктестіктер құру көзделген болатын. Осыған орай, МИБ орталығының мамандары тұрғындармен кездесіп, түсіндіру жұмысын жүргізуде.

Гүлвира Серікқызының айтуынша, 2022 жылы аталмыш орталық қызметкерлері 7000-нан астам әртүрлі өтініш қарады. Сондай-ақ жыл басынан бері цифрландыру бойынша 1700 өтінім қабылданған. Олардың арасында, негізінен, онлайн дауыс беру, қызмет жеткізушілерін ауыстыру, бухгалтерия және диспетчерлеу

жөніндегі өтініш те бар.

– Күн сайын шамамен 7-10 жаңа бастамашыл топтар МИБ құру мәселесі бойынша WhatsApp желісіне бір реттік сұрақтарды жібереді не қадамдық сүйемелдеу үшін бетпе-бет консультацияға келеді. Әрине, өтініштің көп болуы ескі нысандардың жұмысына және үйдің қаржы құралдары туралы ақпаратқа қолжетімділіктің болмауына байланысты болып отыр. Кейбір нысандар құжаттаманы қалпына келтіруге немесе сот ісін, қабылдау және хабарлама актілерін дайындауға көмек сұрайды, сонымен қатар жаңа менеджерлер үшін дебиторлық берешекке қатысты мәселе де өзекті, – деді Г.Әбетова.

Көпкөптерлі тұрғын үйлердің бюджеті шектеулі және меншік иелерінің заңгерлерге жүгінуге мүмкіндігі үнемі бола бермейді. Осыған байланысты тұрғындар

орталыққа жиі жүгінеді. Бұл ретте әсіресе ПИК қызметіне шағымдардың жиілеп кеткенін шындық. Атап айтқанда, тарифті негізсіз өсіру, жиналыстарды өткізбей-ақ қаражат жинау, кейбір ПИК нысандары құжаттарының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмеуі әлі де азаймай отыр. Қалалық МИБ орталығының мамандары осыған ұқсас мәселелер бойынша ай сайын шамамен 300-ге жуық азаматқа кеңес береді. Қазір белгіленген кесте бойынша түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр.

Бұл күндері бас қалада 3977 көпкөптерлі тұрғын үй бар. Олардың 2808-і басқарудың жаңа нысанына өтуге жарамды болса, 289-ы – шағын отбасылық жатақханалар, ведомстволық және апатты жағдайдағы, яғни басқарудың жаңа нысанына өте алмайтын тұрғын үйлер.

Сарыарқа аудандық инспекциясы бөлімінің бас маманы Ануар Рақыштың айтуынша, бас шаһардағы тұрғын үйлердің 68 пайызы басқарудың жаңа нысанына өткен. Осылайша елордада 700-ге жуық меншік иелерінің бірлестігі тіркеліп, басқарудың жаңа нысаны ретінде 1085 жай серіктестік құрылған. Олардың

басым бөлігі Есіл және Алматы ауданында орналасқан.

Тұрғын үйді басқарудың жаңа нысанына өту барысында кездесіп жатқан проблемалар жетерлік. Оларды уақытылы шешу мақсатында елордада тұрақты негізде жұмыс жалғасып жатыр. Осы мәселе бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы жақында кеңейтілген тікелей эфир өткізді. Бұл жөнінде Есіл аудандық инспекциясы бөлімінің басшысы Ернар Қиябаев та атап өтті.

Нұр-Сұлтандағы МИБ орталығының басшысы Гүлвира Әбетова тамыздың 19-20 күндері елордада меншік иелері бірлестігінің мәселелеріне қатысты ашық есік күндері өтетінін, оған Аманат партиясы филиалының, белсенді азаматтық қоғамдастықтың, жергілікті атқарушы органдар мен МИБ өкілдерінің қатысатынын жеткізді. Осы іс-шара барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қоғамдастығының белсенділері тұрғындар тарапынан туындаған барлық сұраққа жауап береді және өздерінің нақты тәжірибесімен бөліседі.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ОРНАТЫЛАТЫН ЕСКЕРТКІШ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ Ахмет Байтұрсынұлы ескерткішінің үздік жобасына байқау өткізілетінін хабарлайды.

Ескерткіш тақырыпқа сай, мағыналы және көркемдік деңгейі жоғары болуы тиіс.

Конкурсқа көркемдік-өндірістік шеберханалар, заңды және

жеке тұлғалар қатыса алады.

Конкурстың ережесін «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, Бейбітшілік көшесі 11, № 751 каб, тел. 8 (7172) 556-777, 8-778-341-95-42 байланысу арқылы алуға болады.

Ескерткіштің жобасы мен құжаттарын қабылдаудың соңғы күні 2022 жылғы 5 қыркүйек (18:00-ге дейін).

«ASTANA POLYTECHNIC»

ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ!

Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету – «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі. Биылғы тамыз конференциясы білім саласына ерекше талаптар қойып отырғаны белгілі. Колледжде балалардың тегін білім алып, білікті маман болып қалыптасуы – Мемлекет басшысының айрықша бақылауында. «Astana Polytechnic» жоғары колледжі – сол жаңа талаптар үдесінен шығып отырған оқу орны.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

БІРНеше КОЛЛЕДЖІ БІРІКТІРУ АРҚЫЛЫ АШЫЛҒАН ОҚУ ОРНЫ

Нұр-Сұлтан қаласында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру қызметін 34 колледж ұсынады, олардың 9-ы мемлекеттік. Соның бірі – «Astana Polytechnic» жоғары колледжі. Оқу орны түлектер арасында жоғары сұранысқа ие, бірнеше колледжді біріктіру арқылы ашылған елордадағы «Astana Polytechnic» жоғары колледжі – 2000-нан астам білім алушы студенті бар, 11 мамандық бойынша жұмыс берушілерге сапалы маман даярлап отырған оқу орны.

2019 жыл «Talar» КЕАҚ жүргізілген рейтинг қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы бойынша «Үздік колледж» деп танылды.

2018 жылы және 2021 жылы колледж Нұр-Сұлтан қаласы бойынша колледждер арасында

колледждердің және тіпті басқа өңірлердің оқытушыларын кәсіби тұрғыдан жетілдіруге арналған, сондай-ақ WorldSkills әлемдік жұмысшы мамандықтар чемпионатына қатысушыларды даярлайтын жаттықтыру базасы.

Сонымен қоса, колледжде орналасқан «КНАУФ», «BOSCH», «Техно-Николь», GROHE атты ресурстық орталықтар жұмыс істейді. Bosch Thermotechnik оқу орталықтары материалдық-техникалық базаны толықтыра отырып, студенттердің тәжірибелік машықтарын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Нұр-Сұлтандағы автомобиль электроникасы және электромобиль бойынша жалғыз «ExtLab» зертханасы жұмыс істейді.

ҚАЙ МАМАНДЫҚТАРҒА ГРАНТТАР КӨП БӨЛІНЕДІ?

«Биыл Балалар жылы аясында жастарды тегін біліммен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік білім беру тапсырысы өткен жылмен салыстырғанда 75 орынға (биылтыр 425, биыл 500) ұлғайтылды. Білім беру гранттарының



жобалар форматына көшу жүзеге асырылды. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабақтастық сақталған. Осының арқасында 9-сынып бітіруші түлектері «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында кезең кезеңімен тегін оқи алады.

ТЕГІН БІЛІМ АЛУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Колледж басшысының мәліметінше, биыл тегін білім

әзірлеп, жүзеге асыра бастағаны белгілі. Мұндай гранттар білім беру бағдарламасын жаңартуға және еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Жұмыс беруші мәселелер бойынша мамандарға сұраныс беру арқылы өз өндірісіне сай даярланған кадрларға ие болады. Оқу нәтижесі бойынша кәсіпорын студенттерден қорытынды емтихан қабылдайды. Сондай-ақ кәсіпорын «колледж-студент-кәсіпорын» үш жақты келісімшартына сәйкес, оқуын аяқтаған студентті жұмысқа орналастыруға міндетті.

200-ден астам әлеуметтік серіктестіктері бар Astana Polytechnic жоғары колледжінің түлектерінің жұмысқа орналасу динамикасы 96%-ды құрайды.

Қаладағы кәсіпорындар арасында әлеуметтік әріптестік туралы үш жақты меморандумға қол қойылды. Мақсат – техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыру бойынша ынтымақтастықты дамыту және дуальды оқыту жүйесі бойынша білікті мамандарды мақсатты даярлау, сондай-ақ кәсіпорынның кадрлық әлеуетін арттыру және ұйымдар арасындағы өзара түсіністікті нығайту. Олар «АТБ сервис Транс» ЖШС, «АСТЕК-AUTO» ЖШС, «Hyundai Premium Astana», «BOSCH Car Service» ЖШС; «Astana Motors SUBARU» ЖШС, «Вираж-Сервис Казахстан» ЖШС, «Astana Motor Astana» ЖШС, «Mitsubishi Центр Астана» ЖШС, «TERRA MOTORS» ЖШС, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «НИТ» АҚ, «БАРК Технолоджи» ЖШС, «СамұрықҚазына» Жылжымайтын мүлік қоры АҚ, «ADE Company» ЖШС, «KAC Консалтинг групп» ЖШС, және т.б.

Елордада еркін экономикалық аймақ – өнеркәсіптік кәсіпорындардың басын қосқан арнайы аймақ. Экономикалық аймақтың мақсаты – отандық өндірісті дамыту. Ал, оны жүзеге асыратын осындай білікті жас мамандар. Зауыттардағы техникаларды автоматтандыру, жетілдіру жұмыстарына колледж студенттері белсенді қатысуда. Биыл бірінші рет жұмыс берушілер мемлекеттік тапсырыспен он балаға техникалық қызмет көрсету бойынша тапсырыс беріп отырғанын айтуымыз қажет. Дизайнер, құрылыс саласына жас мамандарды тарту да қарқынды жүргізілуде.

Колледжде IT мамандығы бойынша қала бойынша жоғары материалдық-техникалық база жұмыс істейді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМА

Қазақстан мен Оңтүстік Корея астаналары арасындағы

ынтымақтастық туралы іс-шаралар жоспары шеңберінде ТжКБ студенттері жыл сайын Сеул қаласына кәсіби даярлықтан өтуге жіберіледі. Қазіргі таңда колледждің 2 студенті Сеул қаласында кәсіби даярлықтан өтіп жатыр.

Мақтанарлық жайт, осы аталған бағдарлама аясында елорда бойынша Astana Polytechnic жоғары колледжінің студенттері жыл сайын грант ұтып алады. Бұл дегеніміз колледж студенттерінің мамандығына бағытталған білімде, ағылшын тілі бойынша көрсеткіште өте жоғары дегенді білдіреді.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДЕНГЕЙІ ҚАНДАЙ?

Колледжде барлығы 130 оқытушы бар. Оның ішінде жоғары және бірінші санатты сапалы құрам 59%-ды құрайды, олардың ішінде магистрлер мен PhD докторлары бар, яғни колледжде білім саласының үздіктері жұмыс істейді. 4 қызметкер «Білім беру үздігі» медалімен, 2 оқытушы «ҚР Білім беру ісінің үздігі» медалімен, 3 қызметкер «Ы.Алтынсарин» төс белгісімен марапатталды, «Білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен 2 адам марапатталды, 7 қызметкер – ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкерлері.

Колледжде сондай-ақ салалық құзыреттілік орталығы жұмыс істейді. Тапсырыс беру арқылы оқытушылар еліміздің қалаларына ғана емес, шетелдерге, атап айтқанда Беларусь, Украина, Ресейге, Германияға, Финляндияға, Түркияға білім беру орталықтары арқылы жіберіледі.

ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Колледж барлық бағытта жан-жақты сапалы жұмыс атқаратындықтан жетістіктері өте көп. Атап айтсақ, елордалық колледждер арасында өткен жұмысшы мамандықтар чемпионатының қорытындысы бойынша ASTANA POLYTECHNIC

колледждер мен жоғары оқу орындары арасында елордалық «Екі жұлдыз» музыкалық байқауы өткізілді.

Студенттер арасында туризм бойынша «DREAM. STUDY. TRAVEL» атты колледждер мен жоғары оқу орындарының қатысуымен Халықаралық байқау өткізілді. Ресей мемлекетінен, еліміздің өңірлерінен келген командалар және елордамыздың жоғары оқу орындары мен колледждерінен қатысты.

«Елордалық жас маман» атты колледжіміздің бітіруші түлектеріне диплом табыстау салтанаты, елордамыздың төрінде орналасқан, мәдени ошақ «Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония» сахнасында өтті.

Биыл колледжді жалпы 446 студент бітірді. Оның ішінде 138 студент үздікке аяқтап, қызыл диплом иесі атанды.

ОҚУДЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҚТАРЫ НЕДЕ?

Шын мәнінде, әсіресе экономикалық және жеке, кәсіби тұрғысынан қарағанда артықшылықтар өте көп. Колледжде 2 немесе 3 жыл оқудан кейін жасөспірімнің нақты мамандығы болады, яғни ол белгілі бір салада жұмыс істеу үшін қажетті білімдер мен дағдыларды толық меңгереді. Оның үстіне, колледжде ұсынатын көптеген мамандықтар сұранысқа ие, оқушы бюджеттік негізде шәкіртақы ала отырып оқи алады. Бірақ, бұл колледжде түсудің барлық оң жақтары емес.

Қаржылық тәуелсіздікпен бірге жас жігіт немесе бойжеткен неғұрлым сапалы тұлғалық өсудің бірегей мүмкіндігін алады, өйткені оқуы шарттары оқушыларда жауапкершілік, ұйымшылдық, дербестік, қиындықтарды жеңе білу және өз уақыты мен ақшасын бағалай білу сияқты қажетті қасиеттерді дамытады. Міне, 2-3 жылдан кейін әлі мектеп парталарында отырған немесе жоғары оқу орнында



«Үздік колледж» атанып, 10 000 000 теңгеге әкім грантын ұтып алған оқу орны.

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ ҚОМАҚТЫ

Колледждің басты мақсаты – студенттерге сапалы білім беріп, еңбек нарығына сұранысқа ие мамандарды шығару. Колледжде білім алып жатқан студенттер қазірден инновациялық жобаларды іске асырып, біліктіліктерін арттырумен айналысады.

Студенттерге жағдай жасау үшін ең алдымен колледждің материалдық-техникалық базасы заманауи құрылыстармен жабдықталған болуы шарт.

Осы орайда, колледж «Жас маман» жобасы аясында 2020 жылы колледжде «Автокөлікті жөндеу шеберханасы», «Өнеркәсіптік мехатроника», «Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар» оқу кабинеті, «Ақылды үй» сынды 4 оқу зертханасы жаңғыртылып, жабдықтармен жабдықталды.

Негізгі жоба бойынша атқарылған ауқымды жұмыс, колледжде IT-технологиялар бойынша құзыреттілік орталығы ашылды. Бұл цифрлық сала бойынша мамандарды даярлау жүргізілетін орталық. Ол сарапшылар пулын, басқа

басым бөлігі техникалық мамандықтарға бөлінеді. Ең жоғары сұранысқа ие мамандықтар: «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Мехатроника», IT, «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану».

2022-2023 оқу жылына қабылдау комиссиясының жұмысын қорытындыласақ, колледжде 1300-ге жуық өтініш қабылданды. Бұл дегеніміз колледжіміздегі мамандықтар үлкен сұранысқа ие екенінің айқын дәлелі» деді колледж директоры Болат Рысқалиев.

Бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы қалыптастырылды. Комиссия бекіткен мемлекеттік білім беру тапсырысы (мамандықтар тізімі және орындар саны) Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының ресми сайтында орналастырылған.

Конкурс барысында әлеуметтік жағынан аз қорғалған талапкерлерге, көпбалалы отбасынан немесе толық емес отбасынан шыққандарға басымдық беріледі.

Яғни, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық

мен қамту кезінде алдымен 9-сыныпты бітірген түлектерге басымдық беріледі. Жалпы осы жылы кәсіптік техникалық білім алушылардың 70 пайызы тегін біліммен қамтамасыз етілмек. Ал 2025 жылға дейін сұранысқа ие мамандықтар бойынша колледжде 100% тегін оқытуды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Колледждерге қабылдау 25-маусымнан 24-тамызға дейін жалғасты. Талапкерлер 4 оқу орнына дейін және 4 мамандық пен біліктілікке дейін (медициналық және педагогикалық мамандықтарды қоспағанда) таңдау арқылы орта буын және қолданбалы бакалавриат мамандарына өтініш берді. Бұл талапкерлерге мемлекеттік тапсырыс бойынша орын алу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Колледжде білім алушы студенттермен психологтар, әлеуметтік педагогтар жұмыс істейді. Білім тапсырысы (мамандықтар тізімі және орындар саны) Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының ресми сайтында орналастырылған.

КОЛЛЕДЖ-СТУДЕНТ-ЖҮМЫС БЕРУШІ: КЕЛІСІМ ҚАЛАЙ?

Бұрынғы Білім және ғылым министрлігі кәсіпорындардың сұранысы бойынша кадрларды мақсатты оқыту бағдарламасын



жоғары колледжі командалық есеппе 1-орында. Қалалық чемпионаттың жеңімпаздары Ұлттық құрамның сапында өнер көрсетіп, Халықаралық деңгейде еліміздің намысын қорғап жүр. Бүгінде Astana Polytechnic жоғары колледжінің оқытушылары Ержан Қасымов және Дина Рахимжанова Германия және Швеция мемлекетінде өтетін халықаралық чемпионатқа студенттерін дайындап жатыр.

Талантты жастарды қолдау және оқытушы мен студент арасындағы өзара байланысты нығайту мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының Білім және мәдениет департаментінің қолдауымен

оқуда ұзақ жолын бастап жатқан оның құрдастарына қарағанда, біздің алдымызда ересек білікті маман тұрады. Бұл ретте колледж түлегіне университетке түсуге ешнәрсе кедергі келтірмейді, колледжде оқу – арманына арман қосып, мақсатына жаңа мұраттарды межелейді.

Ең бастысы – қоғамда жоғары сұранысқа ие жас маман иесі өзіне ғана емес, еліне де пайдалы еңбек жасап, мемлекетіміздің көркеюіне өз үлесін қосады. Ендеше, «Astana Polytechnic» жоғары колледжі – жаңа талаптар мен заманға сай жауап беретін зор мүмкіндіктер алаңы деп бағалауға әбден болады.

№98 (4376) 20/08/2022 Сенбі

– Самат Сәбитұлы, Мемлекет басшысы спорт саласы бойынша, халық арасында бұқаралық спортты жандандыруды басым бағытқа айналдыру қажеттілігін айтты. Осы орайда жылдан жылға тұрғындарының саны артып келе жатқан елордамызда қандай шаралар жүзеге асырылып отыр?

– Президент бұқаралық спортты дамытуды тапсырды. Осы мақсатта «Қолжетімді спорт» бағдарламасы әзірленді. Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен елордамыздың 4 ауданы мен 6 ауласында «AulaFit» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда.

Бұқаралық спортты дамытуда үйіргелік аулалардағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру шараларына белсенді қатысуы маңызды. Осындай қозғалысты дамытуда футболдан «Aula ligasy», «Streetbol cup» турнирі, коньки тебуден оқу-жаттығулар жиі өткізіліп тұрады.

Бүгінде елордада спортпен айналысу қолжетімділікті арттыруда «Қолжетімді спорт» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба қала тұрғындарын әртүрлі спорт түрлеріне үйретуге бағытталған, сондай-ақ бірнеше спорт түрлері бойынша спорт секцияларына тегін қатысуға мүмкіндік береді.

2021 жылдың қазан айында басталған аталмыш жоба Нұр-Сұлтан қаласының спорт залдарында жүзеге асырылып, 20 мыңға жуық елордалық қамтылды. Спорттың алты түрі (фитнес/зумба, скандинавиялық жүріс, каратэ, жүгіру, тоғызқұмалақ, үстел теннисі) бойынша жаттығулар қала бойынша 40-тан аса жерде өткізіледі. Скандинавиялық серуендеу саябақтарда таза ауада өтеді. Кез келген адам спорт түрін таңдап, аптасына 3 рет жаттығу жасауға мүмкіндік алды. Жобаға жоғары санатты жаттықтырушылар, спорт шеберлері, білікті нұсқаушылар тартылды. Жаттығулар клуб аулаларында, спорт орталықтарында және спорт сарайларында, соның ішінде «Qazaqstan» жеңіл атлетика манежінде, Тәуелсіздік сарайында, «Алау» мұз сарайында өткізіледі.

Қолжетімді спорт түрлерімен жас шамасына қарамай, кез келген жастағы тұрғындар қатыса алады. Бұл жоба бұқаралық спорттың қарқынды дамуына үлкен септігін тигізеді.

2020 жылдың мамыр айынан бастап маңызды жобаның бірі – AulaFit қанатқақты жобасы «Манхэттен-2», «Олимп Палас-2», «Азат-2» тұрғын үй кешендерінің аулаларында жүзеге асырылуда.

Бүгінде елордалықтардың 33 пайызы бұқаралық спортпен



СЕРГЕКТІКТІ СЕРІК ЕТКЕН ШАҒАР

Елдің намысына, денсаулықтың кепіліне баланатын спорт саласы шын мәнінде маңызды саналады. Спорт саласы қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев мырзамен сұхбаттастық.

қамтылып отыр. Бұл көрсеткішті 2025 жылға дейін 35 пайызға арттыруда жүйелі жұмыстар жүргіземіз.

– Астаналықтар асыға күтетін, қалыптасқан дәстүрлі спорттық шаралар бар ма?



Нұр-Сұлтан қаласында 1016 спорт нысаны жұмыс істейді, оның ішінде: дене шынықтыру-спорттық мақсаттағы объектілер – 804, білім беру мекемелері – 215, спорт мектептері – 9 (оның ішінде жеке – 352), (2020 жыл – 976). Күніне 7000 мыңнан астам адам шұғылданатын 32-ге жуық ірі спорт нысандары жұмыс істейді. Оның ішінде: дене шынықтыру және спорт нысандары (ҚСҚ) – 804, оқу орындары (Е) – 215, спорт мектептері (ОҚ) – 9 (оның ішінде жеке – 352)

– Биыл алғашқы рет бокстан «Елорда кубогы» халықаралық турнирін өткіздік. Бұл жарысқа Олимпиада ойыны мен Әлем чемпионатының жүлдегерлері қатысты. Сондай-ақ жасөспірімдер арасында футболдан «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің кубогы» ашық

турнирін ұйымдастырдық.

Елордалықтар жоғары бағалаған турнирлер дәстүрлі болып жалғасады. Дзюдодан мәртебелі спорттық дода – Азия чемпионатын қабылдадық. Бұл жарысты жоғары деңгейде өткіздік. «Қазақстан барысы» республикалық турнирі, Садақ атудан және Бүркітшілердің халықаралық турнирлерін ерекше атауға болады. Бұдан бөлек айтулы спорттық бәсекелер көп болды. Атап айтатын болсақ, триатлоннан Азия чемпионаты, мәнерлеп сырғанаудан Nur-Sultan Open ашық чемпионаты, жеңіл атлетикадан халықаралық турнирі, еркін күрестен Жақсылық Үшкемпіров атындағы халықаралық турнир, пара каратедан халықаралық турнирі, елорда күнінде бәйге түрінен жарыс, бұқаралық велошеру және қысқы маусымдық жарыстар, гимнастикадан республикалық чемпионат, «Бұрқасын» қысқы фестивалі, «қысқы триатлон» жарысы, мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы спорттық іс-шаралар, Астана марафоны, Нұр-Сұлтан қаласының аудандарындағы көңілді старт жарыстары және т.б. мыңдаған адамды қамтыған спорттық турнирлер.

Жалпы, жыл басынан бері елордамызда 150-ден аса бұқаралық спорттық іс-шара өткізілді.

– Елордада қанша спорт мекемесі бар, халық санына қарай ол мекемелер жеткілікті ме? Спорт мамандарымен қамтылуы қалай?

– Бас шағарда 672 дене шынықтыру және спорт ұжымы жұмыс істейді. Елордада 144 мектеп бар. Ондағы оқушылар саны – 209 мыңды құрады. Оның 110 мыңнан астамы спорттық секцияларымен қамтылды. Қаладағы колледждерде білім алатын 28 мың студенттің 70 пайызы, ЖОО-да оқитын 63 мың



1500 және одан да көп орындық триатлондар – 4, спорт сарайы – 5, спорт ғимараттары – 2, құрама командаларды дайындау орталықтары – 2, спорт кешендері – 18, спорт алаңдары – 7, шаңғы базасы – 1, есу базасы – 1, канал – 1, тирлер – 21, тир – 1, велотрек – 1, коньки тебу стадионы – 1, хоккей корттары – 26, тегіс құрылыстар – 531, теннис корты – 44, 200 және одан да көп орындық ипподром – 3, бассейндер – 27, спорт залдары – 272, жапсарлас залдар – 48

студенттің 67 пайызы спортпен белсенді шұғылданады.

Халықты дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту үшін жыл басынан бері спорт бойынша 248 нұсқаушы-әдіскер енгізілді. Дене шынықтыру, сауықтыру және спорт жұмыстарын 3403 штаттық қызметкер ұйымдастырып жүргізеді.

2022 жылы Нұр-Сұлтан қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты мекемелерде спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар саны – 410 құрайды.

Елордада алғаш рет бокс орталығы, көркем гимнастика орталығы, жекпе-жек орталығы, жекпе-жек залы ашылды. Бұл орталықтардағы жаттығулар қаланың барлық құрама командалары мен спорт мектептерінің спортшылары үшін тегін жүргізіледі. Жаңа бокс орталығында бір мезетте 500-ден астам, Жекпе-жек орталығында 1000-нан астам адам спортпен айналыса алады.

– Дене шынықтыру және спорт жайында айтқанда,

балалар спортын айтпасақ болмайды. Өйткені, елдің келешегі сол жасөспірім ұрпақтың қолында ғой. Балалар спортындағы жетістіктеріңіз болса, айттып өтсеңіз.

– Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік тапсырысы аясында 4-17 жас аралығындағы балаларды қамтитын 25 спорт түрі бойынша 577 спорт секциясы жұмыс істейді. Онда 36 мыңнан аса жолдама алған жасөспірім спорт секциясына тегін қатысады. Шығарылған ваучерлердің жалпы саны – 45 мың, ал іске қосылған ваучерлердің саны – 33 мың.

Айта кететіні, әр баланың



спорттық және шығармашылық бағыттағы 2 жолдамаға алуға мүмкіндігі бар. Қалада 28 аула клубы бар. Қазіргі уақытта халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 3 мыңнан астам бала тегін оқып, жаттығады.

– Қалада спорт кешендері мен ғимараттары көп, солардың игілігін елордалықтар қалай пайдалана алады?

– Нұр-Сұлтан қаласында 1016 спорт нысаны жұмыс істейді.

Яғни спорт сарайы мен кешендері, стадиондар мен бассейндер, ипподромдар мен корттар халықтың бұқаралық спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Президент шаһардың шалғай аймақтарында бұқаралық спортқа қолжетімділікті арттыруды тапсырды. Осы бағытта Көктал-2 мен Өндіріс аумағында спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілсе, 2023 жылы Үркер және Железнодорожный тұрғын алаптарындағы спорт кешені ел игілігіне беріледі. Келер жылы Қ.Мұнайтыпасов атындағы футбол стадионы мен Қазақстан спорт сарайы қайта жаңғырту жұмыстарынан өтіп, есігін ашатын болады.


– Нұр-Сұлтан қаласы елдің астанасы болғандықтан түрлі халықаралық және республикалық жарыстардың өтетіні белгілі. Осындай жарыстарға қатысатын елордалық командалардың, жекелеген спортшылардың қандай көрсеткіштерін атап өте аласыз?

– Әрине, қуанып айтатын жетістіктеріміз көп. Мәселен, Францияда өткен XIX жазғы Дүниежүзілік гимназиадасына елордалық оқушылар алғаш рет қатысып, спорттың бірнеше түрінде 16 жүлдеге ие болды.

Күрес түрлерінен Моңғолия астанасы Ұлан-Баторда өткен Азия чемпионатында елордалық апалы-сіңілі Мадина мен Жәмила Бақбергеновалар чемпион болып келді. Осы балуан қыздарымыз Түркияда өтіп жатқан Ислам ынтымақтастық ойындарында жүлде алып, қуанып отыр.



Кнокушинкай-кан каратеден Испанияда өткен әлем чемпионатында елордалық Антон Зимарев чемпион атанып келді. Елордалық ауыр атлетші Едіге Емберді Ташкент қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Тайланд астанасы Бангкокте жалауы көтерілген дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында елордалық Ерболат Сыздық чемпион атанды.



Сұхбаттасқан Ғалым ҚОЖАБЕКОВ



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №98

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЛЫС